

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 333 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 382 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 333 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов